

"Қазаэронавигация" әуе жүрісін басқару, ұшуды радиотехникалық қамтамасыз етудің жер үстіндегі құралдары мен электр байланысын техникалық пайдалану жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 1285 Қаулысы

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлікті, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 наурыздағы N 336 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазаэронавигация" әуе жүрісін басқару, ұшуды радиотехникалық қамтамасыз етудің жер үстіндегі құралдары мен электр байланысын техникалық пайдалану жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорнының шаруашылық жүргізуіндегі Алматы қаласы, Б.Майлин көшесі, 38 А мекен-жайында орналасқан, жалпы алаңы 1148 шаршы метр әкімшілік ғимаратының үй-жайларын "Азаматтық авиация медициналық орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорнына мүліктік жалға беруді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы